**2023-2024 оқу жылына** арналған 1-11 кластардың жұмыстық оқу жоспарлары ҚР оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2-қосымшасы «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», 3-қосымшасы «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», 4-қосымшасы «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары» 1-қосымшасы, 5-9 кластардың оқу жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы 365 бұйрығымен өзгерістер енгізілген 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 6-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары», 10-11 кластардың оқу жоспары 2022 жылдың 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» 86-қосымшасы негізінде жасалған.

Бағаланатын кезеңге сабақ кестелерінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетілген. Сабақ кестелері оқушылардың тамақтануы мен белсенді демалуы екінші және үшінші сабақтан кейін 15 минут, қалған сабақтар арасында 5 минут берілген. Сабақтың ұзақтығы 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында 45 минуттан аспайды. Бірінші сыныпта қыркүйекте 35 минуттан, қазаннан бастап 45 минуттан өткізілген. Сабақ кестелерінде қосарланған сабақтар

қойылмаған.

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.**

Бағаланатын кезеңге инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтардың мазмұны 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша Kundelik.kz жүйесінен жүктеліп алынған PDF форматындағы сынып журналдарынан және 2023-2024 оқу жылы бойынша bilimclass.kz жүйесіндегі электронды журналдан зерделенді.

**2021-2022 оқу жылында** жалпы білім беретін пәндерді игеруде 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №115 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріліп, үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылған.

**2022-2023, 2023-2024 оқу жылында** жалпы пәндер бойынша базалық мазмұнды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары» негізінде жүзеге асырылды.

Бағаланатын кезеңге оқушылардың оқу пәнінің базалық мазмұнын меңгеру оқу нәтижелеріне бағдарланған. Оқу бағдарламалары оқушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерді одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескерілген. Оқу пәндерінің мазмұны негізгі орта білім беру және жалпы орта білім беру деңгейлері арасындағы білім мазмұнының үздіксіздігі және сабақтастығы, білім беру мазмұнының академиялық және тәжірибелік бағыттылығы арасындағы теңгерім сақталған.

**Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.**

**2021-2022 оқу жылдарында** оқушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2,3-қосымшалары «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 1-параграфы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған негізгі орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» 15-тармақшасы, 4-қосымша «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 1-параграфы «Оқыту нәтижелеріне

бағдарлана отырып жалпы орта білімнің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар» 16-тармақшасы негізінде жүзеге асырылған.

**2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында** білім алушылардың жаңа білімді субъективті тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2, 3-қосымшалары «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 15-тармақшасы, 4-қосымша «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 16-тармақшасы негізінде жүзеге асырылған.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған.

**2021-2022 оқу жылында** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылған. Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: «Рухани құндылығы жоғары және сана-сезімі қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу». Тәрбие жұмысының мақсаты: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу; Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында; Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау; Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау; Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді. Осы

мақсаттарды жүзеге асыру үшін міндеттер белгіленген: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету; Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету; Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету; Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету; Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету; Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету; Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту; Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату; Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру; Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы ««Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV, 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV, «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI, «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздеріне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасына сәйкес жүргізілген.

Тәрбие жоспары сегіз бағыт және 11 жоба бойынша құрастырылған. Сегіз бағыт бойынша құрылған жоспарға қосымша жобалар кіріктірілген. «Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» бағытына «Құқықтық сана қауымға пана», «Рухани-танымдық тәрбие» бағытына «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Ұлттық тәрбие» бағытына «Дәстүр мен ғұрып» жобасы, «Отбасылық тәрбие» бағытына «Отбасы-мектеп» жобасы, «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» бағытына «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Еңбек – елдің мұраты» жобасы, «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие», «Балалар және театр» Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағытына «Ұшқыр ой алаңы» жобалары кіріктіріліп жасалған. Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды. Оқу жылының алғашқы күнінде карантиндік жағдайларға байланысты тек 1–сыныптар үшін «Кел, балалар, оқылық!» атты салтанатты жиын өткізілген. Сонымен қатар 1 қыркүйек білім күнінде Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 2-11-класс аралығында карантиндік талаптарды сақтай отырып «Тәуелсіздік жетістіктері» атты класс сағаттары өткізілген. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша 4 қыркүйектен бастап, «Туған тілім-тірлігімнің айғағы» деген тақырыпта өткен тіл апталығы барысында «Қазақ әдебиетінің саңлақтары» танымдық кеш, «Әдебиет көшбасшысы» сайысы және сахналық қойылымдар қойылған. «Ұлттық құндылықтар-тәрбиенің түп қазығы», «Туған өлкенің тарихы» және «Өз жеріңді таны» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізіліп, экскурсия ұйымдастырылған. «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар арасында сенбілік өткізілген. Рухани-танымдық тәрбие бағытында «Мейірбандық-адамның барлық адамгершілігіне түрткі болатын негіз» түрлі мамандақ иелері болған еңбек ардагерлерімен кездесу Қарттар күніне орай өткізілген. Ұстаздар күніне «Адамзаттың ұлы ұстазы» тақырыбына мерекелік шара ұйымдастырылған. Қазақтың көрнекті ағартушысы Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына бастауыш сынып мұғалімдері танымдық шаралар мен тәрбие сағаттарын өткізген. Ы.Алтынсариннің ертегілері, мысалдары талқыланып, мағынасына қарап әңгімелер баяндалған. «Қош келдің, Жаңа жыл!» мерекелік концерттер үлкен көлемде өткізілген. Ақпан айында Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына «Мұзбалақ ақын жырлары» тақырыбында поэзия сағаты өткен. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушыларды кітап оқуға, рухани бай болуға баулу мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілген. 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне арналған «Елбасы – ел мақтанышы» атты 1-11-сынып аралығында тәрбие сағаттары, салтанатты жиын өткізілген және «Елбасы жолы» атты көрсетілім көрсетілген. «Елің сүйген Елбасы» тақырыбында мектеп дәлізінде кітап көрме ұйымдастырылған. Көрмеде оқушыларға Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы

Назарбаевтың өмірбаяны мен жүргізіп отырған саясаты, ел үшін жасаған істері мен атқарған қызметтері туралы айтылған «Виртуалды кітапханаға саяхат» ұйымдастырылған. Мектеп кітапханасында «Кітап-білім бұлағы» тақырыбында өздерінің қалаған кітаптарын оқып, жақсы шығармалармен танысқан. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағытында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы құрылған. «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!» апталығы өткізілген. Апталық барысында экстремизм мен терроризм және олардың зардаптары туралы жан-жақты түсіндіру тәрбие сағаттарында жүзеге асқан. Құқықтық оқулар өткізілген. Оқулар барысында «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясының негізгі ережелері, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР заңдары қамтылған. «Құқықтық сана-қауымға пана» тақырыбында 5-8-сынып оқушылары дөңгелек үстел ұйымдастырылған. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жылдығына «Туған елге тағзым» тақырыбында Отанын сүйуге, ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу мақсатында сынып сағаттары «Туған елім-тірегім» мерекелік жиын өткізілген. Жиында «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 2 және 5-сынып оқушылары салтанатты түрде қабылданған. Ұлы Жеңіс күніне орай «Жас патриот» сайысы мен тәрбие сағаттары өткізілген. Отбасылық тәрбие бағытында жүргізілетін жұмыстар жоспарға енгізілген. «Отбасы -бақыт мекені» апталығы өткізілген. Апталық аясында бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру мақсатында «Отбасы бақыты» сынып сағаттары өткізілген. Ата-аналармен «Отбасылық өмір этикасы» тақырыбында әңгімелесу-тренингі өткізілген. Білім алушылардан «Менің отбасымдағы орным» сауалнамасы алынған. Аналар күніне орай мерекелік ертеңгіліктер мен тәрбие сағаттары өткізілген. «Бастауышым-бал бұлағым» деген тақырыпта бастауышпен қоштасу кеші өткізілген. «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» бағытында білім алушылар түрлі үйірмелерге тартылған. Оқу жылының басынан мектебімізде үйірмелер жоспары құрылып, бекітілген кесте бойынша үйірмелер жүргізілген. 2021-2022 оқу жылында «Шебер қолдар», «Волейбол», «Былғары доп», «Үстел теннисі», «Тоғызқұмалық», «Қазақша күрес», «Вокал» үйірмелері жұмыс жасаған. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында үйірмелер өз уақытында өткізілген және нәтижесін берген. Онлайн шебер қолдар байқауында «Шебер қолдар» үйірмесінің мүшелері Қасымхан Қойлан 2-орын және Елтайқызы Гүлназ аудандық байқаудан 1-орын иеленген. Қазақша күрестен Ғаниұлы Рамазан, Қалқаманов Тимур, Асқарұлы Заңғар; Әбдікәрім Нұрасыл аудандық, облыстық жарыстарға қатысып, жеңімпаз атанған. «Берекелі Алтын күз» кеші ұйымдастырылған. 1-11-сыныптар арасында «Табиғатты аялайық» сурет байқауы өткізілген. «Іскерлік қарым-қатынас этикасы» тақырыбында сынып сағаттары, «Жарнама жасау өнері» оқушылар арасында блогерлік қабілеттерін қалыптастыру мақсатында байқау ұйымдастырылған. «Жаңа басшы нені білу керек?» пікірталас өткізілген. «Мектеп ауласын гүлдендірейік» деген ұранмен мектеп ауласына гүл отырғызу және бөлме гүлдерін суарып, күту жұмыстары жүргізілген. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағытында жұмыстар мектептің

негізгі заңы мен мінез-құлық ережелерімен таныстырудан бастау алған. Оқушылардан «Кешірім қалай сұрау керек?» деген сауалнама жүргізілген. «Мектептегі өнерлі оқушылар» атты кеш ұйымдастырылған. Кеште өнерлі оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, көпшілік ықыласына бөленген. Этнограф, өнертанушы, журналист Ақселеу Сейдімбектің 80 жылдығына арналған оқырмандар кеші ұйымдастырылған. 11-сыныпта «Мамандығым-мақтанышым» ашық тәрбие сағаты өткізілген. Ауыл клубының жанындағы мұражайға, Самұрат мешітіне экскурсия жасалған. «Жыр алыбы Жамбыл» 175 жыл толуына байланысты мектеп дәлізінде кітап көрмесі ұйымдастырылып, «Дастан ата» тақырыбында әдеби кеш, тәрбие сағаттары өткізілген. Жамбыл туралы деректі фильмі көрсетілген. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағытында дарынды оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін, дарындылығын дамыту мақсатында «Оқушының өздігінен іздену жұмыстары» тақырыбында дөңгелек үстел жүргізілген. «Шығармашылық-шыңдайды шберлігін» деген тақырыпта оқушылар арасында көрме байқау ұйымдастырылған. «Ұшқыр ой алаңы» атты дебаттық жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Заман» дебат клубы құрылған. Клубтың құрамы жасақталып, жылдық жоспар жасалған. Клуб жетекшісі Косымова Гулжан аудандық семинарға қатысып, жобаны жүзеге асыру жолдарын меңгерген. «Заман» дебат клубы мүшелеріне «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасымен таныстыру мақсатында «Дебаттың қыр мен сыры» тақырыбында сабақ өткізген. Тәрбиенің 8 бағытына байланысты «Интернет кітапты алмастыра алмайды», «Қазіргі жастар және дін», «Біздің таңдауымыз - заңды мемлекет», «Жастар үшін ауылдық жерлерде жағдай жасау қалалық жерлерге қарағанда тиімді ме?», «Өз халқының мәдени мұрасын сақтауды әр азаматтың парызы», «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыптарында дебат өткізген. Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу, балалардың денесін шыңдап, күш қуатын нығайту мақсатында «Денсаулық – зор байлық» атты 8 -11-сыныптар аралығында спорттық шара ұйымдастырылған. «Спорт-менің досым» спорттық сайстар өткізілген. 1-4-сыныптар арасында «Жат әрекеттен сақтан!» қабілеттіліктерін арттыру сайысы ұйымдастырылған. «Дені саудың-жану сау» деген тақырыпта дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ жарыстары өткізілген. «Біз спортты сүйеміз!» тақырыбында 5-11-сыныптар арасында көңілді старт өткізілген. Мектеп медбикесімен бірлесе отырып, «Бала бойы уланбасын», «Дұрыс тамақтану-болашақ ұлт денсаулығын сақтау» деген тақырыпта танымдық сабақтар барлық сыныптарда өткізілген. «Денсаулыққа зиян келтіретін факторлар» сауалнамасы алынған. Қыркүйек айында БЦЖ ревакцинациясын қайта жүргізу мақсатында «Вакцинациялау – туберкулездің алдын – алу шаралары» атты 1-сынып оқушыларының ата – аналарымен жиналыс өткізілген. Барлық мектеп персоналына, оқушыларға COVID-19 бойынша нұсқаулықтар жүргізілген. Оның ішінде COVID-19 туралы жалпы ақпарат: қол гигиенасы және респираторлық этикет, COVID-19 жұқтырудың шаралары, сақтық шаралары жөнінде айтылған. «NO SMOKING DAY» шылым шегуге қарсы!» атты 8-11-сынып оқушыларына лекция оқылған. Қазан айында «Жедел респираторлық аурулар және тұмау» тақырыбында 1-4-сынып оқушыларымен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, балалар өз ойларын қағазға сурет түрінде түсірген. 5-6-сынып оқушыларымен «Грипптен

сақтаныңыздар» тақырыбында әңгімелесу жүргізілген. 7-8 класс оқушыларына «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?», «Тұмаудың алдын – алу» тақырыбында жедел респираторлық аурулар жөнінде лекция оқылған. Мектеп медбикесі З.К.Жолдыбаева қыз балаларға «Ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында презентация арқылы түсіндіру жұмысын жүргізген. 10 қазан дүниежүзілік психикалық денсаулық сақтау күніне орай ата – аналарға «Психикалық денсаулық дегеніміз не?» тақырыбында түсіндіру семинары өткізілген. Әйтеке би аудандық білім бөлімі Ақтөбе облыстық білім басқармасының 2021 жылғы 18 қаңтар №2 - 200 хатына сәйкес, өскелен ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебінде «Балалар және театр» ағартушылық жобасы аясында «Алау» театры құрылған. Үйірме жұмысында өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту жүргізілген. Театр жетекшісі болып Төлебайқызы Сауық бекітілген. «Алау» театры «Әпке», «Қартымызды қадірлейік», «Үйшік» ертегісі атты қойылымдар қойды. «Театр – балалар көзімен» атты эссе байқауы өткізілді. Әйтеке би аудандық мәдениет үйінде, «Замандас» халықтық театрының ұйымдастыруымен «Сахнадан сәлем» атты фестивалінде, «Есігімді қаққан кім?» қойылымын көрсетіп, «Алғыс хатпен» марапатталған.

Мектеп психологиялық– педагогикалық және әлеуметтік қызметтері 5 бағытты құрайтын жылдық жұмыс жоспарына сай қызмет атқарған. Оқу жылының басында қыркүйек айында 1-5-сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау мақсатында «К.Иерасек», «Менің класым», «Мектепте маған не ұнайды», «Жануарлар мектебі» диагностикалары жүргізілсе, «Із кесуші» акциясы оқушылар арасында белсенді қарым – қатынас орната отырып, жақсы көңіл – күй сыйлаған. Калейдаскоп психологиялық ойыны, тимбилдинг тренингтер өткізілген. Қазан айында 5-10-сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау мақсатында Лусканованың диагностикасы, мазасыздықты анықтау мақсатында 10–11-сыныптардан «DASS» сауалнамасы алынып, қорытындысында мазасыздық бойынша төмен деңгей анықталмаған. «Мереке» акциясы ұйымдастырылған. Оқушылармен және жас мамандарға құмтерапиясы өткізілген. Бастауыш класс оқушыларына психомотриканы дамыту тренингтері жүргізіліп, «Екі қолмен бірдей сурет салу», «Моншақтарды орналастыру», «Қыстырғышпен жұмыс» сынды жұмыстар жүргізілген және зорлық – зомбылықтың алдын -алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілген. 9-11-сыныптан Спилберг әдістемесі бойынша диагностика жүргізілген. 8-сыныптан «Ақыл ой даму тесті» (Штур) алынған. 6-11-сыныптарда Құм терапиясы жүргізілген. Кәсіптік бағдар бойынша 9-11-сынып оқушыларынан диагностикалар алынған. Климов және Голланд әдістемесі бойынша 10-сыныптан мектептік ақыл-ой деңгейін анықтау тесті (ШТУР )жүргізіліп қорытындысы шығарылған. Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалған. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында екі оқушыға оқу құралдар мен киім-кешек берілген. 29 желтоқсанда жалпы жаңа жылдық «Қайырымдылық» акциясы аясында 32000 теңге демеушіліктен түскен қаржыға бір оқушыға қыстық киімдер табысталған. Осы «Қайырымдылық»



акциясы аясында 19000 теңгенің заттары демеушіліктен түсіп, 2 оқушыға шахмат тақтасы, жаңа жылдық сыйлық табысталған. Қамқоршылық күнін атап өту мақсатында «Мейірім шуағы» тақырыбында класс жетекшілермен бірлесе отырып тәрбие сағаттары жүргізілген. 8-11-сынып оқушылары арасында «Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында лекция оқылған. Оқушылар мен ата-аналар арасында сауалнама жүргізілген. 2021-2022 оқу жылында қосымша білім беру арқылы білім алушылардың сабақтан тыс уақыттарда шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында жұмыстанған. Жылдық жұмыс жоспарын құру барысында үйірме мен мектептің оқу-тәрбие жоспарымен үйлесім тапқан. Жүргізілген жұмыстар жүйесі сақталған. Тұлғаның білім икемін арттыруға, өзін-өзі тәрбиелеудің ғылыми деңгейін ұйымдастыруға, танымдық белсенділігі мен еңбекке көзқарасын, қарым-қатынас арқылы өмір сүру икемділігін, мінез ерекшеліктері мен ішкі мүмкіндіктерін ескеру арқылы жеке тұлға қалыптастыру басты назарға алынған. Ұйымдастыру жұмыстары кезінде дарынды оқушыларды анықтап, үйірмелерге тарту жүзеге асырылған. Жоспар дәстүрлі мерекелер мен іс-шаралар, танымдық дамытушылық бағыттағы жұмыстар, дене-тәрбиелік, бұқаралық бағыттағы жұмыстар, көркемдік-техникалық бағыттағы жұмыстар бойынша жасалған. Дәстүрлі мерекелер мен іс-шаралар бағытында «Тіл мәртебесі-ел мәртебесі», «Өмірдің өзі-ұлы ұстаз», «Ұстаздар асыл жандар», «Жас таланттар» шығармашылық байқауы, «Тәуелсіздік ел мұраты!», «Шебердің көзі мерген», «Білімді мыңды жығар», «Ұстаз тәжірибесінен», «Сыйынар ем ана деген тәңірге», «Әрбір бала- бір әлем», «Ағаш тамырымен, адам дос жарымен мықты» тақырыбында шаралар өткізілген. Танымдық дамытушылық бағыттағы жұмыстар барысында «Кітап-алтын сандық», «Қазақстанның болашағы жастардың қолында», «Отан қуат, Отбасы-шуақ» т.б. тақырыптар қамтылған. Дене-тәрбиелік, бұқаралық бағытта «Нашақорлыққа жол жоқ», «Спорт-біздің серігіміз», «Спорт-денсаулық кепілі» т.б. шаралар өткізілген. Көркемдік-техникалық бағыт бойынша «Шебердің қолы көпке ортақ», «Шебер», «Қолданбалы өнер», «Жас сәнгер-2021», «Үш тілділік оқушы көзімен...» тақырыптарында шаралар өткізілген. Әр тоқсан соңында жүргізілген жұмыстарға мониторинг жасалып, жетістіктер ата-аналарға оқушылардың жетістіктері туралы хабардар етіліп отырған.

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 27 мамыр 2022 жылғы №254 бұйрығына сәйкес мектеп директоры Г.К.Игисинованың 2022 жылғы 24 мамыр №48н/қ бұйрығына сай «Күншуақ» мектеп жанындағы лагері жұмыс жасаған. «Күншуақ» лагерінде 60 оқушы демалаған. Лагерьде қызмет етуге 15 кадр бекітілген. Ас мәзірі жасалып, Әйтеке би АББ басшысымен бекітілген. Әр кадрдың атқаратын міндеттері анықталып, таныстырылған. Тәрбиешілер жұмыс жоспарын жасаған. Жоспар бойынша «Шебер қолдар» сайысы, «Эмоджи фильм», «Көңілді старт», «Бозбала мен бойжеткен», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Кездесу мен қоштасу», «Open day», «Festiva104», «National olimp» деген тақырыпта түрлі шаралар ұйымдастырылған. Мектеп психологі Н.Кенжегулов мақал-мәтелдердің, өсиет сөздердің мағынасын түсіне білуге, өз ойларын еркін жеткізуге, қиялдарына ерік беруге баулу «Таңдау», «Құм терапиясы», «Қиял жалғасы» т.б. тренингтер өткізген. Мектеп жанындағы спорт алаңдары және шешендік өнер, оқуға құштар мектеп, дебат, театр бағыттары бойынша жұмыстанатын алаңдар ұйымдастырылған. Алаңға барлығы 70 оқушы тартылған. Туған өңірдің тарихын

тану мақсатынада 20 балаға киелі жерлерге саяхат ұйымдастырылған. Ата-аналардың қолдауымен Әбілқайыр хан кесенесіне саяхат жасалған. «Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2021-2022 оқу жылында ата-аналармен жұмыс жоспары жасалған. Әр сынып бойынша ата-аналар жиналысы өткізіліп, мектеп ата-аналар кеңесіне кандидаттар ұсынылып, кеңес мүшелері тағайындалған. Кеңес төрағалығына Байғожин Марат Шалабаевич тағайындалған. Ата-аналар кеңесінің жылдық жоспары жасалған. Жоспарда ата-аналар кеңесінің отырысы айына бір өткізілген. Оқу жылының басында ата-аналарға «Бала денсаулығы-ел байлығы» тақырыбында мектеп медбикесі баяндама оқыған. Мектептің дәстүрлі мерекелеріне ата-аналар қатысымы болған. Мектеп өмірімен етене танысып, балалардың оқу үлгерімін, сабаққа қатысымын білу үшін ашық есік күні өткізілген.

Өткізілген іс-шаралардың барлығы карантиндік талаптарды сақтай отырып өткен.

**2022-2023 оқу жылында** тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылған. Тәрбие жұмысының мақсаты: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу; Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау. Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді. Тәрбие жұмысының міндеттері: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске

асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру. Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т.б.) және ұлттық құндылықтар—(тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

**2022-2023 оқу жылына** арналған тәрбие жоспары төмендегідей сегіз бағытқа бағытталып құрылған: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; рухани-адамгершілік тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасылық тәрбие; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер жоспарға енгізілген. Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қол жеткізетін бағыттардың бірі – құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы (одан әрі – Бағдарлама). Бағдарламаның шешуші идеясы оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау. 2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Құқықтық мәдениет» жобасы, «Өзін-өзі басқару» ұйымы, «Құқықтық фракциясы», «Өнегелі бір сағат» жобасы, «Қамқорлық», «Дәстүр мен ғұрып», «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «ЭКОstart» жобасы, «Салауатты өмір салтын сақтау» жоспарға кіріктірілген. Сонымен қатар ата-аналармен жұмыстар оқушылардың оқу жетістіктерін талдау, ата-аналарды сыныптағы эмоционалды климаттың жағдайымен таныстыру, психологиялық–педагогикалық ағарту, мәселелерін талқылау бағытында жүргізілген. Қазақстандық ұлтжанды, төзімді, рухани құндылықты, рух-жігері шындалған әлеуметтік жағынан белсенді тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай тудыру және басымдылықтың бағыттарын айқындау: ашық ақпараттанған, әлеуметтік жағынан мығым білімді орта дайындау арқылы оқушыларды танымдық және шығармашылық әрекетке жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамыту мен танытуын ұйымдастырудың кешенді шараларын жасауды қамтамасыз етіп, бәсекеге қабілетті, Отанын, елін сүйетін ұлтжанды, ақпараттық мәдениеті жоғары дамыған, шығармашыл құзыретті тұлға, эстетикалық сезімі кең, жаны нәзік, сұлу, салауатты, өзін-өзі, басқаны да өрге

сүйрейтін қайратты, рухы таза, өнерпаз, ертеңгі ата-ана, тәрбиеші, өз елінің, басқа да елдердің салт-дәстүрін, өнерін құрметтейтін толерантты, мәдени, патриоттық құндылықтарды бойларына сіңірген оқушылар дайындалады. Осы аталған бағыттар бойынша педагогикалық кеңесте, әкімшілік жиналыстарында, директор жанындағы отырыстарда, ата-аналар жиналыстарында және класс жетекшілер кеңестерінің отырыстарында: «Жалпы адамзаттық құндылықтар – тұлғаны рухани адамгершілік тәрбиелеудің негізі», «Жас Ұлан» жасөспірімдер мен оқушылар ұйымының жұмыстарын ұйымдастыру, «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының «Қоғам құндылығы» жобасы, бірыңғай ата – аналар сағатын ұйымдастыру туралы, «Әлеуметтік желідегі қауіпсіздік», «Салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған тәрбие жұмысы жүйесінің тиімділігі», «Мектеп бітіруші түлектердің еңбекке орналасуы», «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу», «Баланың бос уақытын тиімді пайдалану», «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциясының орындалуы, «Үйірме, спорт секцияларының жұмыстарын бақылау», «Оқушылардың сабаққа қатысуын», «Өзін – өзі басқару органы: Мектеп парламенті» жұмыстарын ұйымдастыру тақырыбында сұрақтар көтерілген. Тәрбие мәселелері кешенді бағдарламаның орындалуы, сыныптардың тәртіп деңгейлерін бақылау, оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау класс жетекшілер отырысында қаралған. Сондай-ақ, класс жетекшілер отырысында төмендегі тақырыптар бойынша жұмыс жүргізілген: «Оқушылар арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар мен нормативтік құжаттармен танысу», «Мектептегі қосымша бағдарламалардың орындалуы туралы», «Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстар түрлері», «Ата – аналарға психологиялық қызмет көрсету», «Ата – аналар жиналысын өткізу формалары», «Ата – ана, ұстаз оқушы». Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылының басталуына арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілген. «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша «Абайлаңыз, балалар!» акциясы өткізілді. «Адалдық алаңы» жобасы бойынша «Адал ұрпақ», «Өзін – өзі басқару», «Жас ұлан», «Мектеп парламенті» жоспарлары құрылып жұмыстар жүргізілген. Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында «Қамқорлық» жобасы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылған. «Ақылды волонтерлік» жүйесі негізінде оқушыларды «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы бойынша «Адамдарға қуаныш сыйла» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылған. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Бір отбасы–бір кітап» акциясы ұйымдастырылған. Республика күніне байланысты «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылған. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған 1-сынып оқушыларына кітапханамен таныстыру мақсатында «Кітапхана-білім ордасы» атты экскурсия өткізілген. Оқушылардың кітап оқуға, кітаппен дос болуға баулу мақсатында бастауыш сыныптар арасында «Кітап менің досым» деген тақырыпта түрлі-түсті оқырман кеші ұйымдастырылған. «Әжемнің ертегілері» тақырыбында оқушыларға үй жұмысы беріліп, бейнежазбалар дайындалған. Бұл жұмыс ақ жаулықты әжелеріміздің халық ауыз әдебиетін жаңғырту, өскелең ұрпаққа дәріптеу, әже мен немере арасында сүйіспеншілікті арттыру мақсатында ұйымдастырылған. «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өткізіліп, акцияға мұғалімдер мен оқушылар белсене ат салысқан.

Оқушылардың оқу жылдамдығын арттыру мақсатында «Жиырма минуттық оқу» жұмысы жүргізілген. 5-11-сыныптар арасында «Бірге кітап оқиық!» эстафетасы ұйымдастырылған. Қазақтың біртуар тұлғаларының өмірлері, шығармалары туралы 9-11-сынып оқушыларымен «Ұлы Дала мұрагерлері» атты дөңгелек үстел өткізілген. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 5-10-сыныптар арасында «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» зияткерлік сайысы ұйымдастырылған. Ә.Бөкейханның 155 жылдығына танымдық 9-11-сынып оқушыларына танымдық кеш өткізілген. Оқушыларға «Өмір құндылығы» туралы фильмдер көрсетіліп, пікіралмасу ұйымдастырылған. Ғылым күніне орай 10-11-сынып оқушылары мектеп түлегі филология ғылымының докторы, профессор Сәдірова Гүлзат Қаниқызымен онлайн кездесу өткізілген. «Заман» дебат клубының жұмысын Оразбайқызы Сәулет жүргізген. Клуб мүшелерімен үнемі сөйлеу мәдениеті, әдісі туралы сабақтар жүргізілген. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Адам бол, адал бол», кездесу өткізген. 25 қазан – Республика күні. «Тұғыры биік - Тәуелсіздік», «Байқоңыр басымызға біткен бағымыз», «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» және «Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет» атты ақпараттық науқан іс-шаралары жоспарына сәйкес «Сенің құқықтарың мен міндеттерің» атты тақырыпта дебаттар өткізілген. Ұшқыр ой алаңы «Абайдың «Толық адам» философиясы» атты аудандық дебат ойынында Жабасақ ЖОББМ-нің «Заман» дебат клубының «Ұшқын» фракциясы 1-орынға ие болған. Фракция спикерлері Қалқабай Жансая мен Әбсұлтан Ақбота. 2022-2023 оқу жылдарында төмендегідей тақырыптарда дебат ойындары өткізілген: «Сыбайлас жемқорлық – теріс құқықтық және әлеуметтік құбылыс», «Тұғыры биік тәуелсіз Қазақстан», «Мәңгілік елдің мызғымас 7 негізі», «Оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алудың тиімді механизімін ұсынады». «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 3 бағытта жұмыс жүргізген: сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім, мәдени-көпшілік іс-шаралар. «Адал ұрпақ» ерікті клубының отырысы өткізілген. Жоспарға сәйкес «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер», «Жемқорлықтың тарихи тамыры» «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді», «Жемқорлық – жат әдет» және тағы да басқа тақырыптарда тәрбие сағаттары өткізілген. Сыбайлас жемқорлықтың салдары туралы бейнетаспалар көрсетіліп, пікір-алмасулар ұйымдастырылған. «Діни экстремизм-бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбында 811-сыныптарда ақпараттық сағаттар өткізілген. Барлық білім беру мекемелерінде «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында мемлекеттік қызметкерлермен кездесулер болып, мемлекеттік қызметтің барысы туралы оқушыларға түсінік берілген. Өскелең ұрпақтың арасында мемлекеттік қызметті елдің мақсаттары мен даму басымдылығын іске асыру негізінде «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында эссе байқауы өткізілген. «Тағдырыңның кілті-өз қолыңда!» пікірталас өткізілген. «Өнегелі бір сағат» жобасы аясында 5 қыркүйек Тілдер күні мен Ұлы ұстаз А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына «Тіл байлығы-ел байлығы» апталығы өткізілген. Апталық аясында әке мен бала арасындағы байланыс, әке тәрбиесінің маңызын түсіндіру мақсатында «Құнанбай» фильмі көрсетілген. 10-11-сынып оқушылары арасында «Жұлдызды сәт» интеллектуалды ойыны тіл мен әдебиет саласының

тақырыптарын қамтып, өткізілген. Ұстаздарға арналған «Бауырсақ Parti» ұйымдастырылған. Ұстаздар күніне орай «Ұстаз деген жарқын күні ғаламның» деген салтанатты жиын және «Жұлдыздардан нәр алған» мерекелік кеш ұйымдастырылған. 10-11-сыныптар арасында «Ұстазға алғыс» психологиялық тренинг өткізілген. 1қазан қарттар күніне арналған «Өз жүрегіңмен жылыту» атты қарттарға арналған мерекелік кездесу ұйымдастырылған. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Дәстүр мен ғұрып» жобасын жүзеге асыру барысында 9-сыныпта «Отбасы-өмір айнасы» атты тәрбие сағаты мен психологиялық тренинг жүргізген. Р.Бағланованың 100 жылдығына орай 2-11-сынып оқушылары арасында «Дәстүрлі әндер» байқауы ұйымдастырылған. Ғ.Мұстафиннің 100 жылдығына көрме жасалып, «Миллионер» романын оқу ұйымдастырылған. «Ұлттық тәрбие-құндылық бастауы» тақырыбында 5-11-сыныптарда үздік эссе жарысы өткен. Рухани-адамгершілік тәрбиелеу Жоспарға сәйкес «Қоғамға қызмет» волонтерлар клубының отырысы өткізіліп отырған. «Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары» атты қамқорлық акциясы өткізілген. «Жасыл қала – жасыл ауыл» қоршаған ортаны тазалау, ағаш отырғызу жұмысы барысында «Адал ұрпақ» еріктілер клубының мүшелері мектеп ауласына тазалау жұмыстарын жүргізген. Салауатты өмір салты бойынша барлық білім алушылардың қатысуымен «Денсаулық фестивалі-2022!» өткізілген. Мектеп медбикесінің ұйымдастыруымен репродуктивті денсаулық, нашақорлықтың, маскүнемдік пен темекі тартудың, ЖИТС-тің алдын алу және салауатты өмір салты бойынша семинар –тренингтер ұйымдастырылған. Сонымен қатар ауыл медицина қызметкерлерімен «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?» атты кездесу өткізілген. Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Ауырмаймын десең...» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген. 7 сәуір Дүниежүзілік Денсаулық күніне байланысты «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» деген тақырыпта тәрбие сағаттары болған және мектеп медбикесі Жолдыбаева Зоя «Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» тақырыбында баяндама оқыған. Бастауыш сыныптар арасында «Қызықты қыс» спорттық сайыс және «Отбасылық-эстафеталық ойындар» ұйымдастырылған. «Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары» деген тақырыпта танымдық сабақтар өткізілген. Кәмелетке толмағандар арасында есірткі заттарын қолданудың алдын алу мақсатында 2-3-сыныптарда “Біз бақытты өмірді таңдаймыз” тәрбие сағаты, 5-6-сыныптарда “Нашақорлыққа жол жоқ”, зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысы бойынша “Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” тақырыбында 5-6-7-сыныптарда тәрбие сағаты өткізген. Театр үйірмесінің жұмысын жандандыру бағытында жұмыстанған. 2021 жылы құрылып, жұмысын жалғастырған «Алау» театры «Театр - ұжымдық өнер» атты оқушылардың ауызбіршілігін нығайту мақсатында спорттық тимбилдинг өткізілген. Тимбилдинг барысында үйірме қатысушылары бір-біріне демеу болып түрлі тапсырмаларды бірлесе орындаған. Оқушыларға толыққанды театр өнері жайында ақпарат беру мақсатында «Театр өнерінің табиғаты» атты түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Үйірме топтарының барлығына жас ерекшеліктері ескеріліп сөйлеу техникасына икемдеу мақсатында «Дұрыс сөйлеу», «Сөйлеу мәдениеті» тақырыптарында жұмыстар жүргізілген. Ең алдымен жеке-жеке тапсырмалар орындап, жаңылтпаштар жаттап сөзді анық айтуға машықтанған. Сахна мәдениетін игерту үшін «Сахналық зейін» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Театр үйірмесінің бірінші, екінші тоқсанында

оқушылардың сөйлеу мәнерін дұрыстау, дикциясын қою жұмыстарына басымдылық берілген. Әйтеке би аудандық «Сахнадан сәлем-2» фестивалында «Жетімдер үйі» атты қойылымын қойған. Театр мүшесі Маратбекқызы Камила «Үздік актриса» номинациясын жеңіп алған. «Мемлекеттік рәміздер мақтанышымыз» атты челлендж өткізілген. «Өзін-өзі басқару» жобасы аясында «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымының Ұланбасы сайлауы өткізіліп, сайлауда ең көп дауыс жинаған Ізтілеу Инабат Жомартқызы сайланған. «Қазақ тіліндегі 100 жаңа кітап» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген. Ұстаздар күніне байланысты «Дублер күні» ұйымдастырылған. «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары сабақтар өткізіп, ұстаздар арасында «Спорт-денсаулық кепілі» атты толағай ойыны ұйымдастырылған. «Айсұлу» қыздар клубы және «Серілер» ұлдар клубы бекітілген жетекшілердің көмегімен жұмыстарын жүйелі жүргізіп келген. Қыркүйек айында «Серілер» ұлдар клубы «Жол ережесін сақтау – басты міндет» тақырыбында учаскелік инспектормен кездесу ұйымдастырыған. Қараша айында ұлдар кеңесінің бірінші отырысында «Тәртіп –тазалықтан басталады», «Ұлдар гигиенасы» туралы дәрігер кеңесін алу үшін 5-11-сынып ер балаларымен мектеп медбикесі дөңгелек үстел ұйымдастырған. «Айсұлу» қыздар клубы жоспарға сәйкес 5-9-сынып қыз балалар арасында «Қыз-қызғалдақ гүл», 10-11-сынып қыз балалары арасында «Қыз өссе - ел ырысы» тақырыбында тәрбиелік сағаттар өткізген. «Ұл бала мен қыз бала сыйластығы» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылған. Мектеп психологиялық– педагогикалық және әлеуметтік қызметтері жоспар бойынша жылдық жұмыс уақытылы жүргізіліп, диагностика қорытындылары жазылып электронды журналға салынып отырған. Депрессиялық күйді анықтау мақсатында 6-8-сынып оқушыларынан «Зунг» онлайн диагностикасы жүргізіліп, нәтижесінде 1 оқушыдан депрессияның жеңіл түрі анықталған. Сонымен қатар «Күпия дос» оқушылар және мұғалімдер арасында ұйымдастырылып барлық қатысушылар белсенділік таныта отырып күпия достарына сый табыстаған. Бастауыш класс оқушыларына. Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар.(Т.В.Артемьева) «Бұзылған телефон», «Тыңда және орында», «Ассосация», «Корректуралық тапсырмалар, жаттығулары жүргізілген. «Сөмкесіз бір күн...» акциясы ұйымдастырылды. 6-11-сынып оқушыларына «Интернетсіз бір күн», «Интернеттен келетін қауіп - қатер» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 11-сынып оқушыларына «Емтихан» атты іскерлік ойыны ұйымдастырылып, оқушылар емтихан кезінде кездесетін стресстік жағдайдан арылу жолдарымен танысқан, ойларымен бөліскен. 5–7-сынып оқушылары «Ұйқыдағы қала» жобалық ойынына қатысып өздерінің жасаған жобаларын қорғады. Ерекше білімді қажет ететін екі оқушы мен жыл бойы жоспар құрылып жұмыс жасалған.4–класс оқушыларына «Кактус» графикалық әдістемесі жүргізілген, диагностика қорытындысы бойынша агрессиялық деңгей анықталмаған. Сонымен қатар Т.В. Артемьяның «Жасырынып тұрған сөздерді тап», «Аспан, жер, су», «Барлығын еске түсіру жаттығулары жүргізілген. 7-11-сынып оқушыларымен учаскелік полицейдің қатысуымен «Кибербуллинг дегеніміз не?» кездесу ұйымдастырылса, «Жеткіншек жастағы стрестің алдын - алу» тақырыбында жадынама таратылған. «Кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстарды анықтау, жолын кесу және тұрмыстық зорлық –зомбылықтардың алдын –алу» мақсатында жұмыстар жүргізілген. «Өз құқығыңды

білесің бе?» атты 5-11-сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткен. Мектеп психологі Н.К.Кенжегулов 7-11-сынып оқушылары арасында «Зорлық–зомбылықтың алдын - алу» тақырыбында слайд – презентация көрсетіп талқылау жүргізілген. Сонымен қатар ата – аналарға «Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың қатері» тақырыбында дәріс оқылған. «Зорлық–зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында лекция оқылып, 6-8-сынып оқушыларына «Зорлық - зомбылық» тақырыбында сауалнама жүргізілген. «Мен қандаймын» тренингі өткізілген. Қоғамдық денсаулық сақтау факторлары туралы мәлімет беріліп, жеке денсаулық, топтық денсаулық, аймақтық және қоғамдық денсаулық ұғымдарына толық мағлұмат берілген. Қазіргі уақытта жасөспірімдер арасында бір реттік вейп «эпидемиясы белең алуда. Осыған орай, проблеманың маңыздылығын ескере отырып, алдын алу мақсатында, мектеп медбикесі мен мектеп психологінің ұйымдастыруымен «Вейп денсаулыққа өте қауіпті!» атты апталық өткізілген. Мектепте өндірістік бұйрыққа сай әлеуметтік педагогтың жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар атқарылған. «Мектепке жол» акциясы аясында 5 оқушыға ауыл әкімшілігі мен кәсіпкерлердің демеушілігімен оқу құралдар табысталды. 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап мектепте әлеуметтік жағдайына байланысты 1-11-сынып оқушылары арасынан 22 бала ыстық тамақпен қамтылған. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасақталып ауыл әкімімен бекітілген. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін мектеп медбикесі З.Жолдыбаева мен әлеуметтік педагог Н.Жумашев бақылап отырған. Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізім жасалған. Мектеп бойынша баланың жалпы саны – 171, көп балалы отбасындағы оқушылар саны – 26\72. Аз қамтылған отбасындағы оқушылар саны – 3. 2022-2023 оқу жылындағы жаңа жылдық шыршада 3 оқушы мектеп мұғалімдері мен ауылдық округ әкімдігінің демеушілігімен жаңа жылдық сыйлықтар мен қыстық киімдер берілген. «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы аясында 31000 теңге қаржылай ақша демеушіліктен түсіп екі оқушыға берілген. 2022-2023 оқу жылында қосымша білім беру жұмысы жүргізілген. Жылдық жұмыс жоспарын құру барысында үйірме мен мектептің оқу-тәрбие жоспарымен үйлесім тапқан. Тұлғаның жан-жақты қалыптасуына және өзін-өзі табысты ұстанымдарға бағыттап алуға қажетті жағдай жасау көзделген. Жоспар дәстүрлі мерекелер мен іс-шаралар, танымдық дамытушылық бағыттағы жұмыстар, дене-тәрбиелік, бұқаралық бағыттағы жұмыстар, көркемдік-техникалық бағыттағы жұмыстар бойынша жасалған. Осы бағыттар аясында «Тілің-сенің өмірің», «Мен және менің отбасым», «Спорт- біздің серігіміз», «Алтын күз бала көзімен», «Жұлдыздардан нәр алған», «Тоғызқұмалақ» турнирі, «Тәуелсіз елім Қазастан!», «Жылдам оқу-2022», «Мен тілші болсам», «Жүйрік болсаң шауып көр», «Шахмат ойының қыр-сыры», «Екі жұлдыз», «Табиғат және біз» , «Жасыл желек- жанға сая» т.б. деген тақырыпта жұмыстар жүргізілген. Үйірме жетекшілері мен ҚББ педагогі арасында тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілген. «Мектеп өміріндегі үйірменің ролі» атты дөңгелек үстел өткізілген. Әр тоқсан соңында жүргізілген жұмыстарға мониторинг жасалып, жетістіктер ата-аналарға оқушылардың жетістіктері туралы хабардар етіліп отырған. «Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылында ата-аналармен жұмыс жоспары жасалған. Әр сынып бойынша ата-аналар жиналысы өткізіліп, мектеп ата-



аналар кеңесіне кандидаттар ұсынылған. 14 ата-ана кеңес мүшесі болып қамтылған. Ата-аналар кеңесінің жылдық жоспары жасалған. Сол бойынша мектептің ішкі тәртібі мен мектеп жарғысы таныстырылған. Мектеп директоры Г.К.Игисина «Отбасы-тәрбие бастау» тақырыбында тренинг ұйымдастырған. «Балалар қылмыстығының жағдайы» тақырыбында құқық қорғау органы өкілімен дөңгелек үстел өткізілген. «Ұялы телефон балаға дос па?» тақырыбынды пікіралмасу ұйымдастырылған. Мектептің дәстүрлі мерекелеріне ата-аналар қатысымы болған. Ата-аналар кеңесі отырысында «Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру» тақырыбы қаралған.

«Тиімді басқару және білім сапасы» тақырыбындағы курсқа мектеп директоры Г.К.Игисина, мектеп директорының оқу ісі орынбасары Б.Ш. Абдирахманова, бастауыш класс мұғалімі Б.Е. Жұмахметова қатысып, білім беру заманауи трендтер арқылы білім сапасын арттыру, мектеп командасын құру туралы командалық жұмыс жоспарын жоспарлап, іске асыру үшін жұмыстар жүргізуі барысында мектепте «Саналы отбасы» жобасы бастау алды. «Саналы отбасы» жобасының мақсаты: Отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту. Іске асыру үшін жұмыс жоспары құрылды. Жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналардың ұйымдастырумен «Шеберлер шаңырағы» тақырыбында шебер сағаты, «Жұлдызды сәт» спорттық ойыны, «Сіз және біз» кофе-брейк, «Бір отбасы, бір ағаш» акциясы, «Достық» жәрмеңкесі, «Ашық есік» күні ұйымдастырылды. Өткізілген шаралардың нәтижесінде ата-аналардың бойындағы оң өзгерістер: ұйымдастырушы ретінде жауапкершілікті сезінуі, өз әлеуетінің мүмкіндігін көре білуі, мектепке серіктес ретінде қолдау көрсетуі, іс-шараларға қатысымның жоғарлауы байқалды. Ата-аналардың белсенділігінің арқасында оқушы бойындағы оң өзгерістер: табиғатқа жанашырлық таныту, бірлескен еңбекке ынталану, ата-ананың шеберлігіне қызығушылық таныту, отбасы құндылықтарын қастелеу аңғарылған. Алдағы уақытта да ата-аналармен жүргізілген жұмыстар жалғасын табады.

2022-2023 оқу жылының соңында Әйтеке би АББ 04.05.2023ж №261 бұйрығына сәйкес мектеп жанындағы лагерьде 18 оқушы, күндізгі алаңдар 1-8- сынып оқушыларынан шешендік өнер, оқуға құштар, дебат, театр бағыттары бойынша 100 оқушы және мектеп ауласын желектендіру жұмыстарына 18 оқушы қамтылған. Қала сыртындағы лагерьге 3 оқушы, сонымен қатар, Ақтөбе қаласы «Шұғыла» жазғы балалар лагеріне 7 оқушы жіберілген. Мектеп жанындағы лагерь мен күндізгі алаңдарда тәрбиешілер медициналық тексеруден өткен. «Күншуақ» лагеріне әлеуметтік педагог және 3 тәрбиеші мектеп директоры Г.К.Игисинаның 31 мамыр 2023 жылғы № 48н/қ бұйрығымен бекітілген. Лагерьдің жұмыс жоспары жасалған. Жоспар бойынша «Қайырлы күн, жас өрен!», «Біз бейбіт елдің ұрпағымыз», «Ертегілер әлемінде» ертегі кейіпкерлері күні, «Жадыраған жаз келді» сурет салу, «Денсаулық-зор байлық», «Достық» күні, «Досыма хат» хат жазу, «Өз қаламызды сүйеміз», «Кітап-сенің досың» ашық аспан астында кітап оқу, «Өнер» күні, «Ертегілер еліне саяхат» топтар сайысы, «Болашақ жастардың қолында», «Мен қалдық заттардан не жасай аламын?» шеберлік сағаттары өткізілген. Қауіпсіздік ережелеріне арналған түсінік жұмыстары жүргізілген. Жазғы алаңдар шешендік өнер, оқуға құштар, дебат, театр бағыттары бойынша түрлі шаралар ұйымдастырылған.

Бағаланатын кезеңге оқушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысы жоспар бойынша жүзеге асырылған.

**2023-2024 оқу жылында** тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» (әрі қарай Бағдарлама) бекіту туралы №294 бұйрығы негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 2023 жыл 20 қыркүйек №398 бұйрығы және Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі №414 бұйрығын басшылыққа ала отырып, "Біртұтас тәрбие бағдарламасын", мүдделі мемлекеттік органдармен 2023-2026 жылдарға арналған "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру жөніндегі бірлескен жоспарды, "Бірыңғай тәрбие бағдарламасын" іске асыру жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру үшін мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру кешенді жоспары жасақталған.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымының тәрбие жұмысының мазмұнында **ұлттық мүдде, ар-ұят, талап** сияқты құндылықтар көрініс тапқан.

Бағдарлама аясында құрылған мектептің кешенді жоспарына «Оқуға құштар мектеп», «Балалар және театр», «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс), «Ұшқыр-ой алаңы», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Төрт тоқсан-төрт өнер», «9 ай- 9 іс-шара», «Ата-аналар мектебі» жобалары енгізілген.

1 қыркүйек-білім күні «Мектеп–мейірім мекені» Білім күніне арналған салтанатты жиын мен барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткен. 5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдер күні. «Тіл-асыл қазына» онкүндігі жоспарланып, өткізілген. (5 қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күні) Онкүндік аясында 6-класс, 9-класс, 8-кластарда «Тіл–тәрбие құралы, Мәңгілік елдің ұраны» тәрбие сағаты өткізілген. Оқушылар мен педагогтар арасында диктант жазу, «Өнер алды – қызыл тіл» атты үш тілде мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылған. «Үш бәйтерек – үш алып» (С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиннің туғанынан 130 жыл толуына орай) қызық алаң өткізген. Отбасы күніне байланысты «Отбасы – бақыт мекені» тәрбие сағаты 1-11-сыныптар және «Отбасы–ынтымақ ошағы» атты интернат тәрбиеленушілерінің сынып сағаты өткізілген. 1 қазан қарттар күніне орай концерттік бағдарлама ұйымдастырылған. Мұғалімдер күніне орай Дублер күні өткізуді жоспарлау мақсатында мектеп директорының дублерімен бастамашыл топ міндеттерді нақтылау үшін дублер білім алушылардың жиналысы өткізілген. Ақтөбе облыстық білім беру басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 2/4216 бұйрығының негізінде 5 қазан күні Дублер күні өткізілген. Қазақтың біртуар жазушысы Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына арналған дөңгелек үстел өткізілген. 25 қазан – Республика күніне арналған іс – шаралар жоспарын жасалып, бекітілген. Жоспарға сәйкес «Қыран елім – Қазақстаным!» патриоттық акциясы, 5-сынып оқушыларына «Қазақстан еліне виртуалды экскурсия», «Менің арманымдағы Қазақстан» эссе байқауы және «Таза табиғат» экологиялық акциясы ұйымдастырылған. 1-11-сыныптар арасында «Аяулы күз, алтын күз!» тақырыбында күз мерекесі және мектеп жанындағы интернат тәрбиеленушілерінің арасында «Күз ханзадасы мен күз ханшайымы» өткізген. 15 қараша күні «Ұлттық валюта – мақтанышымыз» атты тәрбие сағаттары 1-11-сыныптарда өткізілген. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – тұғырым» атты тәрбие сағаттары және «Сап түзе, Тәуелсіздік ұландары» атты әскери-патриоттық сайыс ұйымдастырылған. «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы аясында «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» 9-10-сыныптарда ашық тәрбие сағаттары болған. «Нағыз досыңның болғанын қаласаң – дос бол!» деген ұранмен «ДОСБОЛЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» акциясы жоспарланып, жоспар бойынша жұмыс жүрген. «Досболлікe: достық қолын ұсын» акциясының ашылу салтанаты, «Көңілді үзіліс» үзіліс уақытында қызықты ойындар, «Достық деген ....?» тақырыбында сұхбат, «Асық ойыны – ой өсірер», «Спорттағы достық», «Біз достықты қолдаймыз», «Көтеріңкі көңіл-күй», «Шебердің қолы ортақ» көрмесі, «Достық жәрменкесі», «Достық әлеміне саяхат», «Достық-біздің тірегіміз» атты шаралар және «Достық

мәңгі жырланар» қорытынды кеш өткізілген. 1 наурыз Алғыс айту күніне орай барлық сыныптарда «Алғыс айту – адамның адамгершілік ниетінің бастауы» тақырыбында тәрбие сағаттары, сонымен қатар «Мың алғыс...» челленджі және мерекелік концерттік бағдарлама өткізілген. 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне байланысты «Аналар, асыл жандар» мерекелік кеш пен қыз балалар арасында «Көктем аруы» байқауы өткізілген. 1-сыныпта «Ана – өмірдің шырағы» және 8 а сыныпта «Сыйынар ем анаға» ашық тәрбие сағаттары өткізілген. Барлық білім алушылар «Ана» әнін хормен орындау челленджіне қатысқан. Наурызнама тұжырымдамасына сәйкес «Наурыз – берекем, Наурыз – мерекем!» тақырыбында наурыз мерекесі кең көлемде аталып өтілген. Амал күнінен бастау алған мерекелік шаралар өз жалғасын тапқан. Бастауыш сыныптар арасында «Батыр туса, ел ырысы» атты сайыс өткізілген. «Ұлттық киім-ұрпаққа мұра» ұлттық киімдер шеруі ұйымдастырылған. «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасын аясында «Қауіпсіз интернет» суретшілер байқауы 5-8-сыныптарында «Ғаламтордағы қауіпсіздік», «Алаяқтық қылмыстың алдын алу және онымен күресу», 7-сыныпта «Интернет алаяқтарынан қалай қорғануға болады?», барлық сыныптарда «Алаяқтық дегеніміз не?», 9-сыныпта «Интернет алаяқтарының алдын алу» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілген. «Алаяқтықтың алдын алу» мақсатында мектеп оқушыларына, мектеп ұстаздарына, мектеп қызметкерлеріне жадынама таратылған.«Қайырымды істер марафоны» акциясы аясында «Толағай» сайысы мен «Отбасы – бақыт мекені» атты психологиялық акция өткізілген. «Ата – аналар мектебі» жобасы бойынша «Парасатты отбасы байқауы», «Қыз намысы–ұлт намысы» дөңгелек үстел, «Отбасылық таланттар» «Екі жұлдыз» байқауы, «Үйрен жақсы әдептен...» ата-аналар сағаты ұйымдастырылған. Ақтөбе әдістемелік орталығының 2024 жыл 23 қаңтардағы №74 хатына сәйкес «Заңды білу- заман талабы» Құқық апталығы жоспарланған. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру және құқық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты 9-11-сынып оқушыларынан және 5-8-сынып оқушыларынан «Өз құқығыңды білесің бе?» деген тақырыпта сауалнама алынған. 1-4-сыныптарда «Баланың құқықтары мен міндеттері», «Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау» және 5-8-сыныптарда «Зиянды әдеттердің қауіптілігі», танымдық тәрбие сағаттары өткізілген. 9-10-сыныптарда «Бала құқығы-адам құқығы» дөңгелек үстелі ұйымдастырылған. «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша жоспарланған шаралар өткізілген. «Мен бақытты баламын!» 2-4 сынып оқушыларына арналған «Толағай» спорттық сайысы, «Ұлттық ойындар ұлт қазынасы» 6-сыныпта тәрбие сағаты және шахмат, тоғызқұмалақ турнирлері өткізілген. Ақтөбе облысы білім басқармасының 16.11.2023 жылғы №2/5300 хатымен жолданған Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 14.11.2023 жылғы №16-1-16-3/6645-И хатын орындау мақсатында 2023 жылдың 15-25 қараша аралығында «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты республикалық онкүндікті өткізу жоспарланып, шаралар өткізілген. 1 желтоқсан Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні» байланысты флешмоб болып, сыныптарда түсіндірме жұмысы жүргізілген, оқушылар диктант жазып, сауалнама толтырған. 9-11 сыныптар арасында қызылша ауруының алдын алу мақсатында мектеп медбикесі түсіндірме жұмыстарын жүргізген. Ауғанстаннан Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің шығарылғанына 35 жыл толуын мерекелеуге

арналған іс-шаралар жоспары жасалған. 9-11-сынып оқушылары «Отты жылдың естелігі» атты Ауған соғысының ардагері Қ.Көлдейбековпен кездесу өткізген. 1-8-сыныптар «Ауғанның соғысында от кешкендер» тәрбие сағаттары өткізілген. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» ауыл зейнеткері Жүсіпов Т. ақсақалдың қысқы отынын кіргізіп берген. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 22 желтоқсан №742, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 желтоқсан №515, ҚР мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 21 желтоқсан №531-нқ, ҚР Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 21 желтоқсан №386, ҚР Ішкі Істер министрінің 2023 жылғы 21 желтоқсан №917 бірлескен бұйрығының негізінде Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған немесе оған куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесі бекітілді. Осы әдістемені басшылыққа ала отырып, зорлық-зомбылықтың, жәбірлеудің (буллингтің), кибербуллингтің алдын-алу шаралары жүргізілген. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ!» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілген. Мектеп психологі Н.К.Кенжегулов «Буллинг және оған қарсы тұру» тақырыбында тренинг өткізген. «Мектептегі буллингтің, кибербуллингтің алдын алу жолдары» құқық қорғау органдарымен кездесу ұйымдастырылған. Кездесуге ауылдың учаскелік инспекторы А.Тұтқышбаев шақырылған. «Буллинг: Қатыгездік қайдан, қауіп неден?» деген тақырыпта жоғары класс оқушылары арасында пікірсайыс өткізілген. «Мейірімділік әлемді құтқарады!» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылған. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында 9-11-сыныптарға әңгіме жүргізіліп, бейнеролик көрсетілген. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында 5-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынған. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында 8-сыныпта, «Жемқорлықсыз әлем» 5-сыныпта тәрбие сағаттары өткен. Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысында мектеп директоры Г.К.Игисинова сыбайлас жемқорлықтың әртүрлі формалары, оның тіршілік әрекетінің әртүрлі салаларында көріну ерекшеліктері, осы құбылыстың себептері, зиянды салдары туралы жалпы түсінік берген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы брошюралар таратылған. Мектептің әлеуметтік педагогі 2023 жыл 29 тамыздағы бекітілген өндірістік бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылған. Мектепке жол акция барысында 7 балаға жалпыға бірдей әр балаға ақшалай, заттай көмек берілген. 2023 жылдың 1 қыркүйегінен 5-11-сынып аралығында көпбалалы және аз қамтылған отбасындағы 22 оқушы, 1-4-бастауыш сыныптар арасында 48 оқушы барлығы 70 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Ыстық тамақ ішетін әлеуметтік жағдайы бойынша 5-11-сыныптар оқушыларының тізімі жазылып, ауыл әкімімен бекітілген. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін мектеп медбикесі З.Жолдыбаева және әлеуметтік педагог С.Оразбайқызы бақылап отырған. Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімі жасалған. Көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен, жартылай жетім және қамқорлыққа алынған балалардың әлеуметтік төлқұжаты жасалған. Мектеп бойынша баланың жалпы саны-164. Көп балалы отбасындағы оқушылар саны-27, аз қамтылған отбасындағы оқушылар саны 2 бала, толық отбасынан шыққан балалар саны-154, толық емес отбасынан шыққан оқушылар саны-14, анасы жоқ оқушылар -1, әкесі жоқ оқушылар-6. 29 қазан Қамқоршылар күніне оқушылардың санасына

мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, патронагтық тәрбиедегі балаларға, қамқорлықтағы балаларды ортаға бейімдеу, оқушыларды кішіпейілдікке, бауырмалдыққа баулу мақсатында «Балаға мейірім сыйла» атты ашық сабақ өткізілген. 2023 жылы желтоқсан айында жаңа жылдық шыршаға орай 3 оқушыға қыстық киімдер мен жаңа жылдық сыйлықтар табысталған. Қаңтар айында «Гүл бейнесіндегі отбасы» отбасы қарым-қатынасын анықтау үшін сауалнама жүргізілген. Ақпан айында «Өз балаңды білесің ба?» ата-аналарға арналған сауалнама жүргізілген. Наурыз айында «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» бағытында ата-аналар мен оқушыларға «Болашағымызға байыпты тәрбие берейік» тақырыпта әлеуметтік педагог С.Оразбайқызы дөңгелеу үстел ұйымдастырылған. 2023-2024 оқу жылында ата-аналар комитеті мектеп директорының 01.09.2023ж. №102н/қ бұйрығы бойынша құрамына 13 адам тағайындалған. Ата-аналар комитетінің жылдық жоспары жасалған. Жалпы ата-аналар жиналысында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» туралы жан-жақты түсіндіру болған. Тәрбие жұмысының мазмұнындағы ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтары айтылған. Әр отырыста қаралатын мәселелер анықталған. «Отбасының бала өмірінде алатын орны» тақырыбында пікіралмасу өткізілген. «Балаларға тәрбие мен білім беруде ата-аналардың құқықтары мен міндеттері» тақырыбында баяндама оқылып, түсіндіру жұмысы жүргізілген. Мерекелік шараларға ата-аналардың қатысуы, қолдауы болған. «Біз баламызды білеміз бе?» сауалнамасы алынған. Отырыста оқушылардың сабаққа қатысымы және тәртібі күн тәртібінен түспеген. Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 21 қыркүйек 2023 жылғы №05-20/1596 хатына сәйкес Кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп директоры Г.К.Игисинованың 01.10.2023ж №125ж/қ Ата-ана кезекшілігін ұйымдастыру туралы бұйрығы шыққан. Осы бұйрық бойынша мектепте ата-аналар кезекшілігі ұйымдастырылған. 2023-2024 оқу жылында әр оқушының бейімділігін, қызығушылығы мен мүмкіндігін ескере отырып, дамуын қамтамасыз ететін білім жүйесін қамтамасыз ету мақсанда қосымша білім беру ұйымдастырылған. ҚББ педагогі жылдық жоспар жасаған. Жоспарланған шаралар өткізілген. «Тіл – асыл қазына», «Өнер алды – қызыл тіл», «Қабат-қабат қаттама, Ақылың болса аттама», «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Ұстаздар асыл жандар», «Қолға алған істі аяқтау-нәтижеге жету», «Мұражай-тарих жаршысы», «Қамқорлық жасай біл» т.б. тақырыптарда жұмыстар жүргізілген. Педагогтар арасында тәжірибе алмасу мақсатында «Бірлескен жұмыс нәтиже берер» деген тақырыпта коучинг ұйымдастырылған.

«Балалар және театр» жобасы жұмысын жалғастыру мақсатында «Алау» театрының жетекшісі болып Арыстанова Махаббат бекітілген. «Алау» театры «Тәуелсіздік теңдесі жоқ байлығым», «Есігімді қаққан кім?», «Күлкі жанның шипасы» атты қойылымдар қойған. Әйтеке би аудандық «Замандас» халықтық театрының ұйымдастыруымен өткен «Сахнадан сәлем-3» аудандық театрлар фестиваль-байқауында «Алғашқы махаббат» қойылымымен қатысып, «Арнайы жүлде» номинациясын жеңіп алған. «Ұшқыр ой» алаңы жобасы бойынша «Заман» дебат клубы 2021-2022 оқу жылынан бастап бері жұмыс жүргізген. «Заман» дебат клубының 26 мүшесі бар. Дебат клуб жетекшісі болып Оразбайқызы Сәулет бекітілген. Жыл бойы «Буллинг: Қатыгездік қайдан, қауіп неден?», Қарар: БП

буллингтің алдын алу нысаны ретінде медиацияны қолданады. 25 қазан – Республика күні. «Тұғыры биік - Тәуелсіздік». Ұсынылған қарар: «БП Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді жолдары бар деп есептейді». «Мен және менің құқығым» атты тақырыпта. «Мен үшін ғаламтордың пайдасы мен зияны», «21 ғасырдың ең қажетті мамандығы» тақырыптар бойынша дебаттар өткізген.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жұмыстар жоспарланған және сол бағытта жұмыстар жүргізілген. Мектеп кітапханасы жаңа әдеби кітаптар мен шетел әдебиеттерімен толықтырылған. Жаңа кітаптармен таныстыру мақсатында «Библиофреш» жасалып, таныстырылған. Тұлғаларды тану және олардың шығармаларының бүгінгі күндегі маңызын ұғындыру мақсатында Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдық мерейтойына орай 10-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізген. Сонымен қатар Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына арналған әдеби-танымдық кеш өткізілген. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы» деген тақырыппен мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері ата-аналарымен бірге мақал айтып, жұмбақ шешкен. Отбасылық құндылықтарды арттыру мақсатында мектеп кітапханашысы Балмашева Жазираның ұйымдастыруымен «Мен және менің отбасым» тақырыбында тәрбие сағаты болған. Оған әр отбасы әке және екі баласымен қатысқан. «Менің сүйікті кітабым» челленджі бойынша Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» шығармасы оқылып, талданған. Оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатында жоғары сынып оқушыларына арналған «Бәрін таста да, кітап оқуды баста» атты сабақ өткізілген. Оқуға құштар жобасы аясында жас оқырмандарды туған жерінің патриоты болуға, туған елін сүйуге баулу мақсатында ұйымдастырылған «Ел жадындағы естеліктер» атты аудандық байқауда 7-сынып оқушысы Қаниқызы Еркежан жүлделі 2-орынға ие болған.

**«Төрт тоқсан – төрт өнер»** ұлттық мәдени ағартушылық жобасы тұжырымдамасы аясында төрт тоқсанға жоспарланған. Жобаның басты мақсаты-балаларды ұлттық мерекелер, халықтық әдет-ғұрыптар негізінде адамгершілікке тәрбиелеу, балалардың адамгершілік тәжірибе жинақтауы, халықтың рухани игілігін мұра ету, тұлғааралық және ұлтаралық қатынастар мәдениетіне қол жеткізу. «Сөз төресі-шешендік өнер» жас ақындар айтысы «Ақындар айтысы» өткізу үшін ұсынылатын тақырыптардың ішінен «Туған жерім – мақтанышым» тақырыбында өткізілген. «*Кітап –білім бұлағы*», «Талаптыға нұр жауар» эссе байқауы ұйымдастырылған. Қазақстанда соңғы жылдары ұлттық ойындарға, оның ішінде асық ойындарына деген қызығушылық қайта жандануда. Балалар мен жастар асық ойнауға және өзінің қырағылығын тексеруге көбірек ниет білдіруде. Асық ойнау – бұл жай ғана ойын емес, дәлдік пен көшбасшылық қасиеттерді дамытатын, оқушылардың логикалық ойлауына оң әсер ететін спорт. «Асық ойыны–үлкен халықтық тәрбие» танымдық сабақтары, асық ату ойынынан «Бес Асық» ойыны, мергендік немесе шеңбер жасап ату жарысы өткізілген. «Ұлттық өнер» көрмесінің мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу, ел тарихының маңыздылығы мен қатысуын арттыру, отансүйгіштікке және туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мәдени мұраны сақтау. Осы мақсатпен «Ұлттық өнер» көрмесі өткізілген. Көрмеге оқушылардың қолынан шыққан ұлттық нақыштағы туындылар қойылған.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережесі, сондай-ақ білім беруді ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды жоспарлау бойынша ғылыми ұсыныстар негізінде әзірленді. «9 ай – 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында балалардың салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында, физикалық, психологиялық стрессті төмендетуге ықпал ету, оқу іс-әрекеті процесінде шаршаудың алдын алуға, физикалық белсенділікті арттыруға ықпал ету балалардың денсаулығын сақтау мақсатында жұмыс қабілеттілігін арттыруға ықпал ету міндеттерін жүзеге асыру үшін 8 қыркүйек күні «Дене сергіту» челленджі өткен. Әнұран – мемлекеттің ең маңызды рәміздерінің бірі. Әнұранның Ұлттық ерекше аспектісі бар. Әнұран арқылы қазақ даласы әрбір қазақстандықтың өсуі мен қалыптасуының қасиетті бесігі ретінде жырланады. Әнұранды орындау – ең алдымен, қазақстандық патриотизмді, азаматтықты қалыптастырады және әрқайсымыздың жеке басымызды дамыту мен қалыптастырудың басым бағыттарының бірі. Барлық білім беру ұйымдарында білім алушылар сөздерді жақсы білуі және Әнұранды айта білуі қажет. 23 қазан күні білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету мақсатында мектеп ұстаздары мен білім алушылардың ҚҰ мемлекеттік Әнұранын жатқа айту арқылы орындаған. Білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында «Бес табан», «Бес асық», «Асық ату» челленджі өткізілген. Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойға жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу мақсатында «Шығарма жазу: болашаққа хат» тақырыбында 13 желтоқсан күні 5–11-сынып оқушылары шығарма жазған. Білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету мақсатында физика – математика ғылымдарының докторы Асқар Серкұлұлы Жұмаділдаев «Қазақ есебі» челленджі өткізілген. Білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты челлендж өткізілген. Білім алушылардың эстетикалық, патриоттық сезімдерін, рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру, балалардың домбыра тартуды насихаттау, еліміздің мәдени мұрасын сақтау мақсатында Домбырашылар челлендж өткізілген. Шахмат–көне тарихы бар зияткерлік ойын. Қазір - ең көп таралған үстел ойындарының бірі. Шахматтың тәрбиелік мәні бар: ол тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, логикалық ойлауға және өз іс-әрекетін жоспарлауға үйретеді, зейіннің шоғырлануын дамытады. Шахмат–жинақылық, сыни тұрғыдан ойлау, абстрактілі ойлау, есептерді шешу, үлгіні тану, стратегиялық жоспарлау, шығармашылық, талдау, синтез және бағалау сияқты өмір бойы ақыл-ой дағдыларын дамытатын шексіз зияткерлік жаттығулар. Білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатында, шахмат ойнауға қызығушылығын қалыптастыру, сыни және логикалық ойлауын дамыту, челлендж қатысушылары арасында қарым-қатынасты жақсарту, еліміздегі білім алушылар арасында шахмат ойынын кеңінен насихаттау міндеттерін жүзеге асыру үшін 12 сәуір күні «Шахмат ойнау» челленджі өткізілген. Челленджге шахмат үйірмесі мүшелері және барлық шахмат ойнауды меңгерген оқушылар қатысқан.



**Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жұмыстар жасалған.**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алып, «Адамның үйлесімді дамуы Ұлттық институты» КеАҚ ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған 15.08.2023 жылғы №4 хаттамасына сәйкес мектеп директоры Г.К.Игисинованың 18 қыркүйек 2023 жылғы №117 н/қ бұйрығымен мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Ата-аналарды қолдау» орталығы құрылған. Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының мамандары жағымсыз тенденцияларды еңсеруге қазақстандық қоғамда позитивті ата-ана әдістерін дамыту көмектеседі деген қорытындыға келді: рефлексия; ата-аналардың балалар мен қарым-қатынасы қалыптасатын құндылықтар мен тәрбие үлгілерін таңдау жауапкершілігі; әрбір балаға физикалық, интеллектуалдық және әлеуметтік-эмоционалды даму жағынан қолайлы ортаны қамтамасыз етуге ұмтылу. Бұл кездейсоқ оқиғаларға жол бермейтін ата-аналарға жүйелі психологиялық-педагогикалық білім беруді қажет етеді. Жаңа оқу жылынан бастап әрбір жалпы орта білім беру ұйымының базасында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс істей бастады. Орталық ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді. Орталықтың қызметі позитивті ата-ана мәдениетін арттыру арқылы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған. «Ата-аналарды қолдау» орталығының жетекшілігіне тәрбие ісі орынбасары Косымова Гулжан бекітілген. Косымова Гулжан «Өрлеу» БАҰО АҚ ұйымдастырған «Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы 80 сағаттық курстан өткен. Сонымен қатар «Ата-аналарды қолдау» кабинеті ашылған. Кабинет стендпен жабдықталған. 1-4-сыныптарға 8 сабақ, 5-9-сыныптарға 8 сабақ, 10-11-сыныптарға 8 сабақ тақырыптары берілген. Сабақтар жоспардағыдай уақытында жүргізілген. Сабақты Косымова Гулжан сынып жетекшілерімен, мектеп психологі Кенжегулов Нұрланмен бірлесе өткізген. Әр сабақты өткізу барысында түрлендіріліп отырған. Оқу процесінде, ең алдымен, тыңдаушылар білім беру процесіне белсенді қатысатын, сәттілік жағдайын бастан кешіретін және сәйкесінше олардың мінез-құлқын ынталандыратын әдістерге назар аударылған. Интерактивті әдістер тыңдаушылардың тек мұғаліммен ғана емес, сонымен бірге бір-бірімен де кең өзара әрекеттесуін, білім беру процесінде тыңдаушылардың белсенділігін арттырған. Сабақтар дөңгелек үстел (пікірталас, пікірсайыс), ми шабуылы (брейнсторм), іскерлік және рөлдік ойындар, case-study (нақты жағдайларды талдау, ситуациялық талдау), шебер сабақ, тренинг, тренингтік жаттығу түрінде ұйымдастырылған. Әр сабақтан кейін кері байланыс алынған. Сабаққа келген ата-аналарды тіркеу журналы жасалған. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан «Даналық мектебі» де өз жұмысын бастаған. Мұның аясында «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі» сынды шаралар ұйымдастырылып, түрлі қауымдастық құрылған.

Жоғарыда аталған нұсқаулықты негізге ала отырып, сабақ жоспары және «Даналық мектеп» жылдық жоспары жасалып, бекітілген. Нұсқаулықта ата-аналар назар аударатын ұлттық құндылықтар анықталған. Ата-аналарға арналған сабақтардың мазмұнында: Ертегі, аңыз-әңгімелер, батырлар жырларынан үзінділер келтіру (Ер Төстік, Алтын сақа, Алдар көсенің, Қожанасырдың әңгімелері, т.б.), мәтелдер, әр түрлі жанрдағы халық әндері, Дала ділмарларының шешендік сөздерінен, жыраулардың шығармаларынан мысалдар, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов және т. б. шығармаларынан үзінділер, Күні бүгінге дейін сақталып келген немесе өзгеріске ұшыраған салт-дәстүр, ғұрыптарды енгізу, материалдық мәдениеттің мысалдары (ұлттық тағамдар, киім-кешек, сәндік-қолданбалы өнер заттары, қазіргі уақыттағы ұлттық өнер туындылары). Осы материалдардың барлығы халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қалыптасқан адамгершілік тәрбиесінің негіздерін енгізуге мүмкіндік береді, ұрпақтар тізбегіндегі өз орнын білу (шежіре), аға буын тәжірибесі, негізгі адамгершілік ұғымдар, ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдерінің мәні (тарихи тұлғалардың мысалында), отбасындағы туыстық қатынастардың ерекшеліктері. «Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі. «Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу. «Даналық мектебі» клубының қызметінің басым бағыты ата-аналар қауымымен жұмыс болып табылады. Клуб мектептің нақты сұраныстары мен талаптарына сәйкес «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі» секцияларын ұйымдастыру арқылы қазақстандық этнопедагогиканың тәрбиелік әлеуетін өзектендіруге арналған. Клуб секцияларына арналған іс-шаралардың тақырыптары нұсқаулықтан алынған. **«Ата өсиеті»:** «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер», «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет», **«Әже даналығы»:** «Ертегі – танымның көзі», «Ырым-тыйым – әдептілік негізі», **«Аға қамқорлығы»:** «Ағасы бардың – жағасы бар», «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі», **«Женге кеңесі»:** «Қыз ғұмырдың құпиялары», «Қыздар білуге тиіс...» деген тақырыптағы шаралар жоспарланып жүргізілген

«Ата өсиеті» клубы мүшелері шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау мақсатында «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында танымдық сағатын өткізген. Оған аталармен бірге оқушылар қатысқан. «Әже даналығы» клубы мүшелері әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету мақсатында «Ертегі – танымның көзі» және әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету мақсатында «Ырым-тыйым – әдептілік негізі» тақырыптарында сабақ пен дөңгелек үстел өткізген. «Аға қамқорлығы» клубының ұйымдастыруымен «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» тақырыбындағы кездесу өткізілген. Кездесу мақсаты: Халық ықыласына бөленіп жүрген спортшылар арқылы салауатты өмір салтын насихаттау. Кездесуге ауыл балуаны Ыбрашев Абзал және ардагер футболист Сүлейменов Мәдениет шақырылған. Салауатты өмір салтын ұстанудың маңызды ролі туралы әңгіме қозғалған. «Женгелер мектебі» клуб мүшелері жаһандану

жағдайында қазақтың дәстүрлі отбасындағы қыз балаларға тәрбие берудің ұлттық және заманауи мүмкіндіктерін түсіндіру мақсатында «Қыз ғұмырдың құпиялары» атты алтын кұрсақты аналарды шақыра отырып, сырласу сабағын өткізген. Сабаққа Рәзия әже, Зұлхия әже және Мария әжелер келген. Өз өмір жолдарын баяндай отырып, қыз балалардың ар-ұяты, мінезі туралы өнегелі сөздер айтылған.

**Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.**

**2021-2022 оқу жылдарында** рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 3-қосымшасы «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 1-параграфы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған негізгі орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» 16-тармақшасы, 4-қосымша «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 1-параграфы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып жалпы орта білімнің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар» 17-тармақшасы негізінде жүзеге асқан.

Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, балалардың қызығушылығын дамыту мен дарындарға бейімділігін анықтау мақсатында мектепте **2021-2022 оқу жылында** спорттық секция ашылған. Олар: «Тоғызқұмалақ», «Волейбол», «Былғары доп», «Үстел теннисі» спорттық секциялары жұмыс істеген. Спорттық секцияларға 88 оқушы тартылған. Мектепте балаларды халықтық өнерге баулуда, көркемдік шеберліктің тәсілдеріне үйретуде қыз балаларға және ер балаларға «Шебер қолдар» үйірмесі жұмыс жасаған. Үйірмелерде оқушылар өз шеберліктерін іс жүзінде қолданған. Асқан шеберлер көркем қолөнеріне басқаша шығармашылық көзбен қарап әдемі және пайдалы заттарды жасай алған. Осы үйірмелер арқылы, оқушыларды өнерге баулып, эстетикалық талғамын дамытып, қабілеттерін арттырып, іскерлік дағдыларын қалыптастыру жолында жұмыс жүргізген. ҚББ адамның зияткерлік, рухани-адамгершілік, дене бітімі және (немесе) кәсіби жетілдірудегі білім беру қажеттілігін жан-жақты қанағаттандыруға бағытталған және білім деңгейін арттырумен сүйемелденбейтін білім беру түрі. Қосымша білім беру жұмысын жүргізу педагог С.Сатмағанбетовке жүктелген. Жылдық жоспары жасалып, жұмыс мақсаты мен міндеттері анықталған. Мектептен тыс қосымша білім беру мекемелері: Әйтеке би аудандық балалар мен жасөспірімдер мектебінің филиалы «Қазақша күрес», Әйтеке би аудандық «Саз» мектебінің филиалы «Домбыра» үйірмелері оқушыларың қызығушылығына байланысты жұмыс жасады.

**2022-2023 оқу жылында** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-қосымшасының «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 2-ші тарауы 16-

тармақшасы, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-қосымшасының «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 2-ші тарауы 17-тармақшасы сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру жинақтала келе білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз ету негізінде жүзеге асырылған. Білім алушылардың салауатты өмір салтын ұстану, көз, қол координациясын жақсарту, ақыл-ойды сергіту мақсатында «Үстел теннисі», балаларды ептілікке, жылдамдыққа, икемділікке, шапшаңдылыққа тәрбиелеу, балаларға футбол ойындарының элементтерін үйрету, аяқ бұлшық еттерін дамыту мақсатында «Былғары доп», оқушылардың бойында ойлау қабілетін арттыру, біліктілік пен дағдыларын дамыту, төзімділікті қалыптастыру, әділеттілік, адалдық, мектеп оқушыларын дене шынықтыру және спортпен үздіксіз айналысуға тарту және волейбол спорттық ойынын кеңінен насихаттау, волейбол ойынына деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қыздар мен ер балаларға арналған «Волейбол» үйірмесі, жігерлік қасиеттерін қалыптастыру, достыққа жігерлендіру міндеттерін бойларына сіңіру мақсатында «Тоғызқұмалақ» үйірмелері жұмыс жасаған. Спорттық секцияларға 70 оқушы тартылған. Оқушылардың ағашпен жұмыс жасау шеберлігін шыңдау мақсатында «Шебер» ер балалар, тоқыма тоқу, тігін өнеріне баулу мақсатында «Шебер қолдар» қыз балалар үйірмелері жүргізілген. Қамтылған бала саны-39. Мектептен тыс қосымша білім беру мекемелері: Әйтеке би аудандық балалар мен жасөспірімдер мектебінің филиалы «Қазақша күрес» үйірмесі-19 бала, Әйтеке би аудандық «Саз» мектебінің филиалы «Домбыра» үйірмесі-15 балаға ұлттық бренд аспабымыз домбыра үнін түсініп, тарта білу дағдысын дамыту мақсатында жүргізілген.

